**2002 жылғы 11-12 сәуірде Алматы қаласында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері Хатшылары комитетінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы <*>**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 19 наурыз N 339

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері Хатшылары комитетінің мәжілісін өткізуге дайындықты ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері Хатшылары комитетінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Алматы қаласының әкімі, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

Ескерту. Тақырыбы және 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.10. N 412 қаулысымен. P020412_

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен іс-шараларды, оның ішінде делегациялар басшыларының тұруын 2424045 (екі миллион төрт жүз жиырма төрт мың қырық бес) теңге сомасында қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.10. N 412 қаулысымен.

P020412_

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 19 наурыздағы
N 339 қаулысымен
бекітілген

# Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері Хатшылары Комитетінің мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар ЖОСПАРЫ

(Алматы қаласы, 2002 жылғы 11-12 сәуір)

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.04.10. N 412 қаулысымен.

P020412_

| р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің Қауіпсіздік кеңестері Хатшылары Комитетінің мәжілісін өткізу бағдарламасын дайындау | 2002 жылғы 1 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 2 | Делегациялар құрамын келісу, мәжіліске қатысушылардың келу және кету кестесін жасау | 2002 жылғы 10 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 3 | Мәжілісті дайындау және өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржы. ландыру мәселелерін шешу | 2002 жылғы 1 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Бұқаралық ақпарат құралдары | 2002 жылғы | Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өкілдерімен жұмысты ұйымдастыру | 10-12 сәуір | Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 5 | Ресми делегацияларды Астана қаласының әуежайында VIP-залы арқылы қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастыру | 2002 жылғы 10-12 сәуір | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша) |
| 6 | Кездесуге қатысушы мемлекеттер делегацияларының арнайы ұшақтар. мен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұшып өтуін қамтамасыз ету | -//- | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі |
| 7 | Арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсетуді және жанармай құюды қамтамасыз ету | -//- | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Делегацияларға көліктік қызмет көрсету | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі |
| 9 | Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, делегациялардың жол жүру бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жол полициясы басқармасы машиналарының ілесіп жүруі | -//- | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 10 | Әуежайда, жол жүру бағыттары бойынша, іс-шараларды өткізетін және тынығу орындарында (бағдарлама бойынша) делегация. лардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 2002 жылғы 10-12 сәуір | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 11 | Ресми делегациялардың мүшелері және олармен бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 12 | Делегацияларды орналастыруды және тамақтандыруды ұйымдастыру | -//- | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімі |
| 13 | Кездесулер өтетін залды техникалық жабдықтау (мемлекет. тік жалаулар, үстелге қойылатын көрсеткіш тақтайшалар мен жалаушалар, гүлдер, микрофондар) | -//- | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 14 | Ұжымдық Қауіпсіздік кеңесі Хатшылығының бөлмесін жабдықтау (ұйымдастыру техникасымен, телефон байланысымен, кеңсе бұйымдарымен жарақтандыру) | -//- | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 15 | Делегациялар мүшелеріне, бірге жүретін адамдарға, баспасөз және күзет қызметіне бэйджддер жасау | 2002 жылғы 10 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 16 | Делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін сыйлықтар жиынтығын, сондай-ақ бағдарлама. лар және баска да баспа бұйымдарын дайындау | -//- | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) |
| 17 | Залда отырғызудың схемасын дайындау | 2002 жылғы 10 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 18 | Бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету (шақыру, тіркеу, баспасөз орталығын жабдықтау теле-радио компанияларының операторлары мен жеке баспасөзі. нің өкілдерін залдағы пулдар бойынша орналастыру | 2002 жылғы 10-12 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Делегациялар басшыларының қатысуымен баспасөз мәслихатын өткізу | 2002 жылғы 12 сәуір | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 20 | Делегациялар басшыларының Қазақстан Республикасы Президентімен кездесуін ұйымдастыру | -//- | Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 21 | Қазақстан Республикасы Президентінің делегациялар басшыларымен кездесуіне арналған тезистерді дайындау | 2002 жылғы 10 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі (келісім бойынша) |
| 22 | Президенттің Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы М.М.Тәжин үшін мәжілістің күн тәртібі бойынша тезистер мен анықтамалық талдау материалдарын дайындау | 2002 жылғы 10 сәуірге дейін | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (жинау), Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі |
| 23 | Президенттің Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісі - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің хатшысы М.М.Тәжиннің атынан қабылдау ұйымдастыру | 2002 жылғы 11 сәуір | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша) |
| 24 | Делегациялардың ортақ суретке түсуін ұйымдастыру | 2002 жылғы 12 сәуір | Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Протокол қызметі (келісім бойынша) |
| 25 | Делегациялар мүшелері үшін мәдени бағдарлама әзірлеу және ұйымдастыру | 2002 жылғы 10-12 сәуір | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің Хатшылығы (келісім бойынша), Алматы қаласының әкімі |

---

Мамандар:
Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК